

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың ережесін біркелкі қолдануды қамтамасыз ету туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 желтоқсандағы N 1153 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың ережесін біркелкі қолдануды қамтамасыз ету туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың ережесін біркелкі қолдануды қамтамасыз ету туралы хаттамаға қ о л қ о й ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

5

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 1 5 3

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың ережесін біркелкі қолдануды қамтамасыз ету туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,

2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісіммен (бұдан әрі - Келісім) белгіленген ережені кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында біркелкі қолдануды қамтамасыз етуге ұмтылатынын білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісіммен белгіленген ережені біркелкі қолдануды қамтамасыз ету мақсатында,
Т а р а п т а р :

Тараптар мемлекеттері кеден органдарының практикалық қызметінде туындайтын және Келісімді қолдануға байланысты нақты проблемалық мәселелерді қарайды;
халықаралық құқық нормаларын, оның ішінде, Дүниежүзілік кеден ұйымы Кедендік бағалау жөніндегі техникалық комитетінің құжаттар мен материалдарда қамтылған нормаларды ескере отырып, Келісімнің ережелерін түсіндіруге бірыңғай тәсілді ж а с а й д ы ;

кеден одағына қатысушы мемлекеттерде қалыптасқан тауарлардың кедендік құнын айқындау мәселелері бойынша құқық қолдану тәжірибесі туралы ақпаратпен алмасуды жү з е г е а с ы р а д ы ;

Келісіммен белгіленген ережені біркелкі қолдану жөніндегі ұсынымдарды дайындайды.

2-бап

Осы Хаттаманың 1-бабында көрсетілген жұмыстардың сипаты мен көлемін назарға а л а о т ы р ы п , Т а р а п т а р :

кеден одағы органдарының құрылымында Келісіммен белгіленген ережені біркелкі қолдануды қамтамасыз ету үшін жауапты тиісті бөлімше құруға;

Тараптар мемлекеттерінің тауарлардың кедендік құны саласында нормативтік құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарына уәкілеттік беруге, Келісіммен белгіленген ережені біркелкі қолдануды қамтамасыз ету үшін жауапты тиісті бөлімшені анықтауға келісті.

3-бап

Осы Хаттаманың ережелерін іске асыру мәселелері бойынша хат алмасу орыс тілінде жүргізіледі.

4-бап

Осы Хаттаманың ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда мұндай дауларды мүдделі Тараптардың кез келгені Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарауға береді.

5-бап

Осы Хаттамаға Тараптардың уағдаластығы бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Хаттаманың күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы _____ хаттамамен _____ айқындалады.

2008 жылғы " __ " _____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада _____ жасалды.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Кеден одағының комиссиясы депозитарийінің функцияларын бергенге дейін Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитеті болып табылатын депозитарийде сақталады.

Депозитарий әрбір Тарапқа осы Хаттаманың куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі</i>	<i>Үкіметі</i>	<i>Үкіметі</i>
<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>